

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
29.04.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 29.04.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары Олжас Абайұлы Бектенов мырзаға беріледі.

БЕКТЕНОВ О.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздерге Үкіметтің 2019 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Заң жобасында түзетулердің үш блогы қарастырылған.

Бірінші блок сыбайлас жемқорлық көріністерін жүйелі түрде алдын алу бойынша қосымша тетіктерді енгізуге бағытталған.

1. Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімінде сыйға тартушының пайдасына іс-әрекеттері үшін өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайтын тұлғаларға кез келген құны бар сыйлықтар сыйға тартуға тыйым салу ұсынылады.

Азаматтық кодекстің «Сыйға тарту» атты 509-бабының қолданыстағы редакциясына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге құны 10 айлық есептік көрсеткішке дейінгі сыйлықтарды сыйға тарту мүмкіндігіне жол беріледі. Осыған байланысты Конституциялық Кеңес өзінің 2018 жылғы 5 маусымдағы Жолдауында осы бапты қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру қажеттігін тікелей көрсетті.

2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайтын тұлғалардың отбасы мүшелерінің материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдауына тыйым салынады.

3. Мемлекеттік лауазымға не мемлекеттік немесе оларға теңестірілген міндеттерді атқаруға байланысты лауазымға үміткер болып табылатын тұлғалар үшін ұйымның басшылығын осы ұйымда жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы немесе жекжаттары туралы жазбаша нысанда хабардар ету міндеттемелері енгізіледі.

4. Мемлекеттік бюджеттен және Ұлттық қордан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға, сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі шешімдер қабылдауға жауапты квазимемлекеттік сектор субъектілерінің дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазым атқаратын уәкілетті қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық субъектілеріне жатқызу ұсынылады.

5. Квазимемлекеттік сектор ұйымдарында парасаттылықтың корпоративтік стандарттарын сақтауға жауапты сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер институты енгізілуде.

Түзетулердің екінші блогы олқылықтар мен қайшылықтарды жоюға бағытталған.

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің «Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар» атты тарауының 676, 677 және 678-баптарында оларды ұсынған тұлғалардың пайдасына іс-әрекеттері үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер не қызметтер көрсетуге және қабылдауға тыйым салынған тұлғалардың тізбесі лауазымды тұлғалар мен жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалармен толықтырылуда.

2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты бар адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органды ғана емес, сондай-ақ өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеуді және алдын алуды жүзеге асыратын басқа да мемлекеттік органдарды хабардар ете алатындығы көзделген.

Түзетулердің үшінші блогы Ұлттық бюроның Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне қайта құрылуына, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі функцияларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке берілуіне байланысты.

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган» ұғымы нақтыланды.

2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мәртебесіне қатысты редакциялық сипаттағы түзетулер енгізілуде.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ведомстволық бағыныстылығына қатысты баптар нақтыланды.

4. «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңда арнайы мемлекеттік архив құрылатын мемлекеттік органдардың тізбесінде

«Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ұлттық бюросы» деген сөздер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет» деген сөздерге ауыстырылды.

Заң жобасымен үш кодекске, жеті заңға түзетулер енгізілуде.

Заң жобасы мүдделі мемлекеттік органдармен, Премьер-Министр Кеңесімен, Президент Әкімшілігімен, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісілді.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен шығындарға әкеп соқпайды.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Пішембаев Мейрам Құдайбергеноұлына беріледі.

ПІШЕМБАЕВ М.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Олжас Абайұлы! Қаралып отырған заң жобасымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 12-бабына қызметкерлерге немесе олардың отбасы мүшелеріне арналған, оларға хабардар етпей келіп түскен сыйлықтарды күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз беру көзделетін норма енгізілді. Осыған орай менің сұрағым бар.

Әрине, өмір болған соң әртүрлі жағдайлар болады. Кейбір кезде ойламаған, күтпеген оқиғалар кез келуі мүмкін. Сондай бір жағдай болса, мәселен, мемлекеттік органның басшысы немесе қызметкері не олардың отбасы мүшелері, егер олар келіп түскен сыйлықтар туралы хабардар болмаса, не істеу керек?

БЕКТЕНОВ О.А. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның нормасы. Бұл жаңадан енгізіліп отырған талап немесе норма емес, ешқандай тыйым салынбайды. Мемлекеттік қызметкер немесе оның отбасы мүшелері өздерінің шоттарына ақшалай аударылым түскенін, әрине, білмеуі де мүмкін. Ондай жағдай болса, жеті күннің ішінде ол ақша мемлекеттік бюджетке аударылуы тиіс.

Енді сыйлықтар бойынша. Сыйлықты алу мен оны анықтау ол бір мезетте орын алатын жағдай, оқиға деп айтуға болады. Ондай норма қолданыстағы заңда бар. Сұрағыңыздың мағынасын түсініп отырмын. Екінші оқылымға дейін тиісті мемлекеттік органдармен бірге осы норманы қарап, пысықтауға дайынбыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет. Бірақ менде бір сұрақ бар. Оларға хабардар етпей келіп түскен сыйлықтар туралы мәселе 12-бапта жаңа норма ма?

БЕКТЕНОВ О.А. Жок, Нұрлан Зайроллаұлы, ол норма бар, бірақ қазіргі таңда ол норма тек мемлекеттік қызметшілерге байланысты болатын.

ТӨРАҒА. Солай ма? Жақсы, түсінікті. Рақмет.

Сөз депутат Олейник Василий Ивановичқа беріледі.

ОЛЕЙНИК В.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Олжас Абаевич! К сожалению, и среди сотрудников антикоррупционной службы имеются так называемые «оборотни в погонах», которые причастны к провокационным и иным незаконным действиям. Об этом красноречиво свидетельствуют материалы уголовного дела в отношении бывших сотрудников столичного департамента Национального бюро по противодействию коррупции, которые обвиняются в превышении должностных полномочий, фальсификации доказательств и других преступлениях. При этом действующим законодательством ответственность за провокационные действия не установлена.

В своем Послании от 2 сентября 2019 года Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев сказал (цитирую): «Надо также предусмотреть строгую ответственность сотрудников самих антикоррупционных органов за незаконные методы работы и провокационные действия».

В связи с этим депутатами была внесена в законопроект поправка, которая предусматривает уголовную ответственность за провокацию преступлений сотрудником правоохранительного или специального государственного органа.

Поясните, пожалуйста, Вашу позицию по данной поправке депутатов.

На одном из заседаний рабочей группы представитель Генеральной прокуратуры заявил, что данное предложение депутатов официально поддерживается. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

БЕКТЕНОВ О.А. Спасибо за вопрос.

Действительно, так как мы являемся антикоррупционным уполномоченным органом, к нам и нашим сотрудникам предъявляются повышенные требования. Поэтому мы поддерживаем предложение депутатов об усилении ответственности за провокацию преступлений. Как я понимаю, имеется в виду не только взяточничество, но и любые другие виды преступлений. Мы концептуально поддерживаем, не возражаем, а над редакцией совместно с уполномоченными органами и депутатами поработаем до второго чтения.

ТӨРАҒА. Действительно, депутаты предлагают дополнить Уголовный кодекс новой статьей. Очень важно, что теперь законопроектом предусматривается уголовная ответственность за провокацию любых видов преступлений не только сотрудников антикоррупционных органов, но и в целом всех правоохранительных органов.

Как мне докладывали, эта норма по дороге в Парламент потерялась в законопроекте правоохранительными органами, хотя, как сейчас депутат Олейник сказал, это было прямое поручение Главы государства, которое было дано 2 сентября прошлого года при открытии нынешней сессии. Олжас Абаевич, так?

БЕКТЕНОВ О.А. Так точно.

ТӨРАҒА. Что случилось? Почему потеряли по дороге? Мне это вообще трудно представить. Глава государства публично дал поручение

Правительству, в частности, вам как разработчику, такую норму разработать и внести, а сюда приходит законопроект и ее нет. Хорошо, что депутаты помнят все поручения, внесли. Ваша служба согласилась с этим? Неге ол болган жок?

БЕКТЕНОВ О.А. Нурлан Зайруллаевич, разрешите пояснить.

Действительно, такое поручение Президентом страны в Послании было озвучено. В Общенациональном плане по реализации Послания этот пункт также нашел отражение (если не ошибаюсь, пункт 20). Основным исполнителем по данному пункту была определена Генеральная прокуратура, которая в своем законопроекте предусмотрела ряд мер, насколько я знаю, по усилению ответственности, в том числе за провокацию, незаконные задержание и привлечение к уголовной ответственности. Этот закон был принят в конце прошлого года депутатами.

Наш законопроект шел параллельно с прокурорским законопроектом, то есть мы не имели возможности его...

ТӨРАҒА. Извините, какие законопроекты – я не знаю. В Уголовный кодекс надо было внести. Эта норма не была внесена в Уголовный кодекс. Сейчас только вы ее вносите, вернее – депутаты вносят. Вот о чем была речь, Олжас Абаевич.

Когда Глава государства, высшее руководство страны дают поручение, тем более когда это происходит на открытии сессии, то есть публично, просьба не терять такие поручения. Это очень важно. Это касается всех правоохранительных органов. Тогда была известна позиция, поэтому и вынужден сейчас публично спросить об этой позиции.

Олжас Абаевич подтвердил, что антикоррупционная служба поддерживает. Генеральная прокуратура, поддерживаете? Пожалуйста, Марат Муратович.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Да, Нурлан Зайруллаевич, мы полностью поддерживаем, потому что раньше говорили, что есть статьи о превышении, злоупотреблении, которые поглощают этот вид провокационных действий со стороны правоохранительных и других органов. На практике есть случаи, когда мы вводим специальные субъекты. Недавно по поручению Президента был рассмотрен закон об усилении ответственности в отношении егерей. Убийство егеря мы сделалиотягчающим обстоятельством, то есть спецсубъект.

Мы думаем, что введение спецсубъекта повысит ответственность и в целом соответствует концепции уголовно-правовой политики.

ТӨРАҒА. Марат Муратович, во время оперативных мероприятий введения спецсубъекта никто не отрицает. Это определенная методика работы любых правоохранительных органов, и не только нашей страны. Это международная практика. Здесь вопросов нет.

Речь идет о другом. Генеральной прокуратуре это хорошо известно, вы часто поправляете своих коллег в этом вопросе. Так же?

АХМЕТЖАНОВ М.М. Да. Мы поддерживаем.

ТӨРАҒА. Поддерживаете. Хорошо.

Министерство внутренних дел. Пожалуйста, Калайчиди Алексей Дмитриевич.

КАЛАЙЧИДИ А.Д. Нурлан Зайруллаевич, Министерство внутренних дел также поддерживает. Мы полагаем, что эксклюзивное право уголовного преследования должно сопровождаться повышенной ответственностью. Поэтому мы эту поправку депутатов поддерживаем.

ТӨРАҒА. А вы как по дороге потеряли? Тоже было отрицательное заключение, когда на площадке Правительства рассматривали.

КАЛАЙЧИДИ А.Д. Замечание принимается.

ТӨРАҒА. Ну что значит «замечание принимается»? Это не замечание, это серьезный упрек, как вы исполняете поручения руководства страны. Присаживайтесь, пожалуйста.

Министерство финансов, у вас есть Служба экономических исследований. Пожалуйста, Берик Шолпанкулович Шолпанкулов.

ШОЛПАНҚҰЛОВ Б.Ш. Нурлан Зайруллаевич, данную поправку депутатов мы полностью поддерживаем. Выразили позицию в письменном виде.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Таким образом, уважаемые коллеги, концептуально все государственные и правоохранительные органы согласились с этой нормой, разработанной депутатами. Поэтому, Мухтар Тилдабекулы, я поручаю Вам, комитету вместе с рабочей группой и нашими коллегами из государственных органов рассмотреть до второго чтения редакцию нормы. Принципиально очень важно, как сейчас депутат Олейник сказал, что это было поручение Главы государства и эту норму мы вводим в Уголовный кодекс.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Олжас Абайұлы! Қаралып отырған заң жобасының нормаларымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда дайындалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты бар жоғары тұрған басшыға немесе мемлекеттік органның не қызметкері болып табылатын ұйымның басшылығына және уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлайтынын белгілеу ұсынылады.

Бірақ өмірде бәрі бірдей емес, өзіңіз білетіндей. Мысалы, ол өзінің басшысын дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабардар еткен, алайда осы басшының өзі сыбайлас жемқорлық схемаларына қатысы бар болған жағдайда хабарлаушыға қатысты есеп айырысу орын алмай ма?

Осыған орай Сіз маған түсіндіріп берсеңіз. Заңға бағынатын хабарлаушының құқықтары қалай қорғалатын болады? Рақмет.

БЕКТЕНОВ О.А. Сұрағыңызға рақмет.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның ағымдағы редакциясына сәйкес егер азаматқа дайындалып жатқан немесе жасалған

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат түсетін болса, ол не өзінің басшысына немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметіне жүгіне алады. Егер ол азаматтың өзінің басшысына қатысты қандай да бір күмәні бар болса, ол басшысына бармай, бірден тікелей сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметіне барып арыз жаза алады. Қарастырылып отырған заң жобасында біз адамдар жүгіне алатын мемлекеттік органдардың тізбесін кеңейтіп жатырмыз. Ақпарат беруші тек біздің агенттіктің бөлімшелеріне емес, басқа да құқық қорғау органдарына немесе арнаулы мемлекеттік органдарға жүгінуге құқығы болуы керек, сондықтан осындай норма енгізіліп жатыр.

ТӨРАҒА. Жок, ол түсінікті, бірақ сұрақ анықтама беріп жатқан адамның құқықтары қалай қорғалатыны туралы болды.

БЕКТЕНОВ О.А. Түсінікті. Ақпарат берушілердің құқықтарын қорғау ол біздің ұлттық заңнамамызда белгілі бір деңгейде реттелген деп айтуға болады. Қылмыстық процестік кодексте де ондай нормалар, тәсілдер, тетіктер қарастырылған және арнайы қылмыстық процестің қатысушыларын қорғау туралы арнайы заң да бар.

ТӨРАҒА. Қалай қорғалады?

БЕКТЕНОВ О.А. Әртүрлі тетіктер бар, мысалы, олардан жауап алу жасырын түрде болуы мүмкін, яғни оны көрсетпей, оның жеке деректерін жарияламай. Тіпті құжаттарын өзгертуге де болады. Ол заңда қарастырылған.

ТӨРАҒА. Рақмет. Енді түсінікті.

Сөз депутат Клименко Иван Ивановичқа беріледі.

КЛИМЕНКО И.И. Рақмет, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю Министерства финансов.

Согласно Закону «О государственном имуществе» подарки, переданные государственным служащим в связи с их должностным положением или исполнением ими служебных обязанностей, а также членам их семей, должны храниться в специальном государственном фонде, но специальный государственный фонд не был создан. И теперь законопроектом предусматривается передача учета и хранения уполномоченному органу по управлению государственным имуществом, то есть Министерству финансов.

В этой связи я просил бы пояснить, каким образом будет решаться вопрос по учету и хранению подарков, полученных государственными служащими при исполнении ими служебных обязанностей?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Берик Шолпанкулович.

ШОЛПАНҚҰЛОВ Б.Ш. Спасибо за вопрос.

Я хотел бы отметить, что в правоприменительной практике сам фонд не был создан в связи с тем, что автоматически денежные средства от всех подарков, которые реализуются, зачисляются в государственный бюджет. Соответственно, создавать физически отдельный фонд нет необходимости.

Вы хотели узнать, как сейчас происходит. В течение семи дней служащий, который получил подарок, сдает в уполномоченный орган, то есть Комитет государственного имущества, если отказывается от выкупа этого

подарка, то дает письменный отказ. В случае отказа данный подарок оценивается и выставляется на торги. После продажи денежные средства зачисляются в республиканский бюджет.

ТӨРАҒА. Все понятно. Единственный вопрос, Берик Шолпанкулович. Я прочитаю из Закона «О государственном имуществе»: «Подарки, переданные государственным служащим в связи с должностным положением и исполнением иных служебных обязанностей, а также членам их семей, должны храниться в специальном государственном фонде». С позицией, которую Вы сейчас доложили и которая предусмотрена в этом законопроекте, я думаю, можно согласиться, это правильно. Зачем хранить в специальном государственном фонде, если есть возможность хранить в управлении государственным имуществом, которое сейчас этим занимается? Но тогда предыдущую норму в Законе «О государственном имуществе» надо поставить на утрату. До второго чтения надо это выполнить. Хорошо?

ШОЛПАНҚҰЛОВ Б.Ш. Хорошо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Казанцев Павел Олеговичке беріледі.

КАЗАНЦЕВ П.О. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Олжас Абаевич! Мой вопрос в продолжение темы, поднятой коллегой Пшембаевым.

В законе есть норма, что подарок, даже о котором гражданин не знал, должен быть сдан в течение семи дней, иначе наступает ответственность.

Вопрос следующий: с какого момента идет отчет этих семи дней – с момента доставки подарка, момента его обнаружения или момента, когда об этом стало известно должностному лицу?

Полагаю, чтобы не было разночтений и различных толкований, в законе надо прописать четкую, однозначную норму о том, что ответственность наступает, если подарок не сдан по прошествии семи дней с момента обнаружения должностным лицом, что подарок получен. Как Вы относитесь к этому предложению? Иначе гражданин может заявить, что он не знал, с какого момента идет отсчет семи дней.

Вообще эта норма должна быть не только ясной, но и прямого действия, тогда он не сможет, что называется, отвертеться. А так он может, повторю, заявить, что не знал, с какого момента идет отсчет семи дней, и тогда, образно говоря, чихал он на все обвинения. Спасибо.

ТӨРАҒА. Павел Олегович, что касается «чихал», не уверен. В рамках сегодняшнего карантина вообще сама фраза «чихал на тебя» может быть приравнена к террористической угрозе.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. А если это еще касается сотрудников антикоррупционной службы, то вообще смертельно! Похуже коронавируса.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Это шутка. Пожалуйста, Олжас Абаевич.

БЕКТЕНОВ О.А. Спасибо за вопрос.

Отвечая на предыдущий вопрос депутата Пшембаева, я говорил, что касается денег, переведенных на счет государственного служащего либо членов его семьи, то согласно действующей редакции закона предусмотрено с момента обнаружения этого поступления. То есть предполагается, что человек может не знать, что ему на счет или на счет члена семьи поступили деньги. Вот как он обнаружил, в течение двух недель он обязан перевести эти деньги в бюджет. Это касательно денег.

А что касается подарков, то в законе, действительно, сказано, что с момента получения. Я так думаю, когда эта норма вносилась в закон, то логика была такой, что получение и обнаружение подарка происходят в один момент. Я не знаю, может быть, гипотетически можно представить, что кто-то принес домой подарок, поставил, а человек не знал и потом обнаружил, что, оказывается, у него подарок дома.

Если вопросы с вашей точки зрения возникают в правоприменении, давайте до второго чтения подумаем, как лучше сформулировать эту норму во избежание возможных разночтений в будущем. Мы согласны поработать.

ТӨРАҒА. Олжас Абаевич, я думаю, что вопрос депутата Казанцева прикладного, практического применения. Его надо действительно рассмотреть.

Что касается денежных перечислений, то здесь все понятно. Когда идет перечисление, всегда есть след, можно по датам все просмотреть.

Вы сейчас сказали, что приравниваются получение и обнаружение, да? А ведь сам момент в жизни может быть разорван. Моделируем Вам ситуацию на ходу, раз вопрос возник. Технический работник – это же возможно? Технический работник, который не всегда видит своего начальника, принимает подарок каким-то образом, сам руководитель или должностное лицо может об этом и не знать, а Вы сейчас сказали, что со времени передачи. Получается, отсчет пошел – семь дней, а он узнает об этом на десятый или одиннадцатый день и дает задание вернуть этот подарок. Вот в этой ситуации нам тоже нужно правильно редакцию прописать, чтобы она работала.

Она нужная, она правильная, но что касается правоприменения, мы должны исключить все, благодаря чему этой нормой можно было бы потом манипулировать. Мы знаем с вами из истории вопроса, что такое в нашей жизни бывало, к сожалению. Вот этого мы не должны допустить, поэтому эта норма должна иметь прямую, четкую, ясную, адресную редакцию. Здесь я с депутатом Казанцевым согласен.

БЕКТЕНОВ О.А. Понятно, Нурлан Зайруллаевич, доработаем.

ТӨРАҒА. Павел Олегович, в этом я с Вами согласился, но по предыдущему все сказал.

Сөз депутат Яковлева Татьяна Ивановнаға беріледі.

ЯКОВЛЕВА Т.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Олжас Абаевич! Депутаты Мажилиса Парламента неоднократно поднимали вопрос усиления борьбы с коррупцией в квазигосударственном секторе, особенно в сфере государственных закупок.

Тем более, что в Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015 – 2025 годы отмечается, что в квазигосударственном секторе проблема коррупционности в системе государственных закупок существует.

Вы законопроектом предусматриваете признание субъектами антикоррупционного законодательства и руководителей самостоятельных структурных подразделений квазигосударственного сектора, уполномоченных на принятие решений по организации и проведению закупок, а также ответственных за сбор и реализацию проектов, финансируемых из средств республиканского бюджета и Национального фонда Республики Казахстан.

Хотелось бы услышать, достаточно ли этой меры для эффективной борьбы с коррупцией в квазигосударственном секторе в сфере государственных закупок? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Олжас Абаевич.

БЕКТЕНОВ О.А. Спасибо за вопрос.

Что касается квазигосударственного сектора, я с Вами полностью согласен, что в данной сфере коррупционные риски достаточно высоки. Тому подтверждение – наша следственно-оперативная практика, данные правовой статистики и проведенных нами анализов.

Если брать государственный сектор, то в государственном органе каждый государственный служащий (вплоть до рядового) является субъектом коррупции, несет соответствующую ответственность и берет на себя антикоррупционные ограничения. В квазигосударственном секторе же в соответствии с законом только первые руководители являются сегодня субъектами коррупции.

Когда мы разрабатывали данный законопроект, в процессе обсуждения с государственными органами пришли к единому мнению, что в данной редакции, предлагаемой нами, только руководители самостоятельных структурных подразделений, к примеру, директора департаментов, которые отвечают за реализацию тех или иных проектов.

Мы считаем, что это пока первый шаг. В случае, если депутаты поддержат и эта редакция будет принята, мы в данной правовой ситуации поработаем, посмотрим. Дальше будет видно, может быть, следующим шагом будем еще расширять субъектный состав коррупции в квазигосударственном секторе.

ТӨРАҒА. Спасибо.

В целом надо сказать, что включение не только первых руководителей, но и должностных лиц квазигосударственного сектора в состав субъектов коррупционных правонарушений – это очень правильно. Мы с вами знаем, что порой должностные лица, не являясь первыми руководителями, могут допускать очень серьезные правонарушения. Поэтому они должны очень четко понимать, что если будет нарушение, то будет и жесткий спрос.

Само расширение перечня должностных лиц квазигосударственного сектора, включенных в состав субъектов правонарушений, – очень важная

норма для эффективного противодействия коррупции, потому что весь блок, особенно касающийся экономических преступлений (вы это знаете из практики, наверное, и Служба экономических расследований Министерства финансов подтвердит), начинает формироваться на этом уровне. Если раньше была норма только по первому руководителю, она давала, конечно, ответственность, но могли уходить другие лица, которые формировали этот коррупционный фон. Это очень правильная норма.

Енді тек бірінші басшылар ғана емес, осы квазимемлекеттік секторда қызмет ететін лауазымды тұлғалар да жемқорлық үшін жауапқа тартылатын болады. Бұл норма бойынша да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы жүзеге асырылады. Бұл әділ және дұрыс кадам деп есептейміз. Оны қолдауымыз керек.

Поэтому до второго чтения, повторяюсь, нам очень важно поддержать эту норму, которую предложили разработчики. Хорошо.

Сөз депутат Дәуренбаев Амангелді Айдарұлына беріледі.

ДӘУРЕНБАЕВ А.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Олжас Абайұлы! Заң жобасымен квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер құру ұсынылып отыр. Бұл қызметтердің мақсаты – компанияның ішкі рәсімдерін тексеру және сыбайлас жемқорлықты болдырмау.

Егер комплаенс-қызметтер тәуелсіз болмаса және компания басшылығына бағынышты болса, аталған қызметтердің жұмысы қаншалықты тиімді болатынын түсіндіріп берсеңіз. Және бұдан әрі бұл қызметтердің өзін бақылау үшін қосымша органды құру керек болатын жағдай туындамай ма? Рақмет.

БЕКТЕНОВ О.А. Сұрағыңызға рақмет.

Жалпы, комплаенс туралы айтатын болсақ, ол бізге Батыс елдерінен келген ұғым. Комплаенс дегеніміз, кез келген кемшіліктерді, бұзушылықтарды анықтап, ұйымның басшысына оларды жоюға көмектесетін қызмет болып табылады. Сондықтан біз өзіміздің ұлттық заңнамамызға осындай сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерді енгізуді ұсынып жатырмыз. Әрине, тек комплаенс-қызметтерді құрып, біз квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлықты түп-тамырымен жоямыз деген ойдан аулақпын. Біз сыбайлас жемқорлық субъектілерінің тізімін кеңейтеміз және комплаенс-қызметтерді енгіземіз. Кешенді шаралар қабылданатын болса, сыбайлас жемқорлықтың деңгейін едәуір төмендетуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Сонымен қатар, естеріңізде болар, бір топ депутаттардың бастамасымен өткен жылдың соңында тиісті заң қабылданған болатын. Мемлекеттік органдардың басшыларының және квазимемлекеттік компаниялардың басшыларының жауапкершілігі күшейтілді. Енді басшының тікелей қол астында жұмыс жасайтын қызметкер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасайтын болса, заң бойынша басшы тәртіптік жауапкершілікке тартылатын болады, отставкаға дейін. Біздің пікірімізше, барлық аталған

шаралар кез келген басшыны өзінің ұйымында, ұжымында сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға қосымша ынталандырады деп сенеміз.

ТӨРАҒА. Рақмет, Олжас Абайұлы. Сұрақтар аяқталды. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғанис және қауіпсіздік комитетінің төрағасы депутат Ерман Мұхтар Тілдәбекұлына беріледі.

ЕРМАН М.Т. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Бірінші кезекте тәуелсіздік жылдары елімізде заманауи халықаралық стандарттарға сай келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тұрақты және тиімді жүйесі қалыптасқанын атап өткім келеді.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс. Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады», – деген болатын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған өз Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі күрестің өзектілігін атап көрсетті.

Заң жобасының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады. Мысалы, заң жобасында сыбайлас жемқорлық көріністерін жүйелі түрде алдын алуға бағытталған құқықтық реттеудің жаңа құралдары көзделеді.

Атап айтқанда, мемлекеттік лауазымға не болмаса мемлекеттік немесе оларға теңестірілген міндеттерді атқаруға байланысты лауазымға кандидат болып табылатын адамдар үшін өздері лауазымға орналасуға үміткер ұйымның басшылығын осы ұйымда жұмыс істейтін жақын туыстары туралы жазбаша хабардар ету міндеті енгізіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі шешімдер қабылдауға уәкілетті, мемлекеттік бюджеттен және Ұлттық қордан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазым атқаратын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық субъектілеріне жатқызу ұсынылады.

Квазимемлекеттік сектор ұйымдарында корпоративтік стандарттарын сақтауға жауапты сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер институтын енгізу ұсынылған болатын.

Заң жобасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты бар адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органды ғана емес, өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауды, олардың жолын кесуді, оларды ашуды, тергеуді және олардың алдын алуды жүзеге асыратын басқа да мемлекеттік органдарға хабарлай алатынын нақтылау ұсынылады.

Бүгінгі таңда заң жобасы бойынша 40-қа жуық түзету келіп түсті.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасының тұжырымдамасын қолдайтын өздерінің оң қорытындысын берді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мұхтар Тілдәбекұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Олейник Василий Ивановичқа беріледі.

ОЛЕЙНИК В.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемые коллеги! С учетом новых задач и направлений в социально-экономическом развитии страны Елбасы и Президентом даны поручения по дальнейшему совершенствованию законодательства в сфере противодействия коррупции.

На первый план выходят задачи формирования антикоррупционной культуры, выявления и устранения коррупционных рисков, усиления противодействия коррупции в квазигосударственном секторе, широкого вовлечения общественности в борьбу с коррупцией.

В своем выступлении затрону лишь отдельные аспекты.

Первое. Решения, принимаемые на всех уровнях публичного управления в демократическом, правовом государстве, должны опираться не только на право, но также на нормы морали и нравственности, принятые в данном обществе представления о долге, чести и справедливости. Поэтому вполне закономерно, что в рассматриваемом нами проекте закона предусмотрена необходимость усиления мер по формированию антикоррупционной культуры как государственных служащих, так и граждан.

Как было отмечено докладчиком, разработаны законодательные нормы, направленные на введение дополнительных мер по системному предупреждению коррупционных проявлений, в том числе запреты и ограничения по дарению и принятию подарков госслужащими, а также запрет на принятие материального вознаграждения, подарков или услуг членами их семей.

Не допускается совместная работа близких родственников или свойственников, находящихся в непосредственной подчиненности. Кандидат на государственную должность обязан в письменной форме уведомить руководство о работающих в этой организации близких родственниках.

Главная цель указанных законодательных ограничений заключается в создании условий для обеспечения госслужащими эффективного исполнения своих должностных обязанностей, исключающих возможность злоупотребления полномочиями. Все это должно положительно сказаться на противодействии коррупции.

Второе. В моем вопросе уже было озвучено, что для реализации поручения Главы государства в части повышения гарантий прав граждан, неукоснительного соблюдения принципа презумпции невиновности в данный законопроект депутатами внесена поправка. Уголовный кодекс дополнен новой статьей 412-1, предусматривающей ответственность за провокацию преступления сотрудниками правоохранительных и специальных государственных органов. Ведь провокационная деятельность возможна фактически в отношении любого преступления.

Общественная опасность провокации преступлений заключается в том, что действиями должностного лица подрываются авторитет государственного органа и репутация сотрудников правоохранительных и специальных государственных органов, искусственно создается повод к возбуждению уголовного дела и его производству. Тем самым отвлекаются силы и средства органов досудебного расследования от процессуальной деятельности по делам, по которым действительно совершено преступление, грубо нарушаются принципы нормальной реализации функций уголовного преследования и правосудия в республике.

Необходимо отметить, что в таких странах, как США, Германия, Англия, Болгария, Грузия и другие, в том или ином виде регламентирована ответственность за провокацию преступления. Полагаю, что зарубежный опыт в этой части и внедрение его в практику будут полезны для Казахстана. Тем более, что на сегодняшнем пленарном заседании все государственные органы концептуально поддержали поправку депутатов. Мы готовы ее доработать в рамках заседаний рабочей группы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Василий Иванович.

Құрметті депутаттар, тағы талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Жазылған да депутаттар жоқ. Сонымен, құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 80, «жақтағандар» – 80. Шешім қабылданды.



*Дұрыс: құжаттамамен халықаралық ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Мамат Н.Мамытбаев.*